

**«6D071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Икрамова Салтанат Бауыржанқызының «Наноқұрылымды шалаөткізгішті сенсорлардың электрлік және оптикалық қасиеттеріне кеуектіліктің әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

### **СЫН-ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Икрамова С.Б. диссертациялық жұмысы «Техника ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер» ғылымды дамытудың басым бағыттарына, оның ішінде катты дene электроникасы бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 2018-2020 ж. арналған, грант нөмері №0118PK00200 КР ФЖБМ ФК ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бағдарламасы бойынша «Наноқұрылымданған шалаөткізгіштердің бейсзызық электрлік, оптикалық және фракталдық-геометриялық сипаттамаларының өзара байланысы» және 2020-2022 ж. арналған, грант нөмері №091019CRP2105 «Бүйрек ауруларының биомаркерлері ретінде несеп протеиндерінің механикохимиялық қасиеттерін инвазивті емес бағалау үшін гибридті Brillouin-Raman спектроскопиясын әзірлеу және валидациялау» тақырыбындағы Назарбаев Университеттің бірлескен зерттеулер бағдарламасы (CRP) бойынша ғылыми зерттеу жүргізу шенберінде орындалды.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.	С.Б. Икрамованаң диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады. Диссертацияда ұсынылған зерттеу нәтижелері сенсорлық элементтерді алуудың технологиялық режимдерін табуға мүмкіндік береді, бұл оптоэлектрондық сенсорлардың жаңа түрлерін өндіруде және олардың

			жұмысының тиімділігін арттыруда құнды.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Ізденушінің диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, себебі бірқатар жұмыстар орындалды: әдебиеттерге шолу жасау, жұмыстың тәжірибелік негізін құрайтын технологиялық режимдерді негіздеу, зерттеуге қолданылған қондырғылар мен әдістерді сипаттау, сенсорлық элементтердің электрлік және оптикалық сезімталдығын өлшеу әдістері барлығы диссертация бөлімдерінде көрсетілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Нанокұрылымды шалаоткізгішті сенсорлардың электрлік және оптикалық қасиеттеріне кеуектіліктің әсерін зерттеуге арналған диссертациялық жұмыстың өзектілігі толықтай негізделген. Бұл әсіресе, кіріспедегі кеңейтілген сипаттамада, сондай ақ оптоэлектронды сенсорлардың сезімтал элементін зерттеудің қазіргі жағдайына арналған әдебиеттік шолу бөлімінде көрсетілген. Оптоэлектронды сенсорлардың сезімтал элементі ішінен кремний наножібі массивтері бетіне алтын нанобөлшектері тұндырылған сезімтал элементті тандаудың толық негізделген сипаттамасы берілген. С.Б. Икрамованаң диссертациялық жұмысы 5 тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары жүйелі түрде байланысқан, қойылған міндеттер орынды және жұмыста қойылған мақсат барлық талаптарға сай.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көрсетеді. Барлық 5 тарау ретімен орналастырылған және қойылған міндеттер мен мақсаттарға жету үшін зерттеу әдістері егжей-тегжейлі сипатталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Бетіне алтын нанобөлшектері отырғызылған кремний наножібі нанокұрылымы қабаттары негізіндегі шалаоткізгіш сенсорлық элементтің электрлік және оптикалық сенсорлық сезімталдығына кеуектіліктің әсерін тәжірибелік түрде зерттеу мақсаты және оптоэлектрондың сенсордың сезімтал элементтің дайындаудың технологиялық режимдерін онтайландыру, сенсорлық элементтің электрлік сезімталдығын аммиак газ буында зерттеу және электрлік сенсорлық сезімталдық үшін ең онтайлы кеуектілік мәнін анықтау, беттік күштейтілген комбинациялық шашырау эффектісі негізінде органикалық бояғыш молекулаларын анықтауда оптикалық сенсорлық сезімталдық

		<p>үшін тиімді кеуектілік мәнін анықтау және сенсорлық сигналдардың пайда болуының негізгі заңдылықтарын ашу міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен негізгі тұжырымдары өзара толықтай байланысқан.</p>	
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен күрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан</u>;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар</u>;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелерінегізделген</li> </ol>	<p>Автор ұсынған оптоэлектрондық сенсорлар үшін ең онтайлы сенсорлық элемент ретіндегі кремний наножібі бетіне алтын нанобөлшектері тұндырылған сезімтал элементтің электрлік және оптикалық сенсорлық жауаптарына нанокүрылымның тиімді кеуектілігін анықтау шешімдері дәлелденген. Сонымен қатар жұмыста осы зерттеу саласындағы ағымдағы жағдайды сыни талдау және диссертация тақырыбы бойынша басқа авторлардың жұмыстарымен салыстыру бар. Сенсорлық элемент жасауда кремний наножіптері массивтерін және бетіне тұндырылатын алтын нанобөлшектерін таңдал алу, беттік күшеттілген рамандық шашырау эффектісі көмегімен оптикалық сенсорлық сезімталдықты тиімді кеуектілік мәнінде арттыру артыкшылықтары келтірілген.</p>	
5.	<p>Гылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Гылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертацияда ұсынылған гылыми зерттеулер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Газ тәріздес аммиак буында алтын нанобөлшектері отырғызылған кремний наножіптері негізіндегі шалаөткізгіш сезімтал материалдардың электрлік сенсорлық жауабына кеуектіліктің әсері тәжірибелік тұрде зерттелінді және максималды сезімталдыққа қол жеткізу үшін шамамен 70% кеуектіліктің онтайлы мәні табылды. Алтын нанобөлшектері отырғызылған кремний наножіптері негізіндегі нанокүрылымды сенсорлық материалдардағы органикалық бояғыштар молекулаларынан оптикалық сенсорлық жауаптар зерттелінді және молекулаларды анықтау үшін мұндай күрылымдардың онтайлы кеуектілігі шамамен 50% болатыны аныкталды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып</li> </ol>	<p>Диссертацияның қорытындысы толығымен жаңа. Алынған нәтижелер Web of Science (Clarivate Analytics) және Scopus халықаралық ақпараттық ресурстарына кіретін импакт-факторы (6,628; 2,921) жоғары журналдарда жарияланған.</p>

		<p>табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен</u> жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық және әдістемелік шешімдер толыктай жаңа және негізделген. Бұл сенсорлық элементті жасаудың энергия шығынсыз, көп қолемде өндіруге ынгайлыш, электроника қондырыларымен интеграциялануга үйлесімді, кеуектілігі мен морфологиясы басқарыла алатын, қоршаган орта молекулаларымен оңай байланысқа түсетін онтайлы технологиялық режимдеріне негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және онертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан жаксы дәлелденген. Жұмыс дәйекті және түсінікті академиялық тілде жазылған, таңдалған әдістер, алғынан нәтижелер негізделген.</p>
7.	Көрғауға шыгарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>1. Кремний наножілтері қабаттарына негізделген, кейін олардың бетіне алтын нанобөлшектері отырғызылған бөлме температурасында электрлік және оптикалық сигналдарды қабылдау арқылы молекулаларды анықтауға арналған оптоэлектронды сенсор келесі параметрлерде ең жоғары тиімділікті көрсетеді: кремний наножілтерінің ұзындығы 5-тен 35 <math>\mu\text{m}</math> дейін, көлденең құмасы шамамен 100 нм, алтын нанобөлшектерінің өлшемі шамамен 10 нм және қабықшаның кеуектілігі 50-ден 85 % аралығында.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 ия</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 ия</p> <p>2. Ұзындығы шамамен 10 <math>\mu\text{m}</math> және кеуектілігі шамамен 70 % кремний наножілтері массивтеріне негізделген сенсорлық құрылымдардағы шамамен 100 ppm концентрациядагы амиак буына электрлік сенсорлық сезімталдық наножілтердің бетіне алтын нанобөлшектерін қосқан жағдайда 5-7 есе артады және құрылымдарға түсірілген 1-10 В кернеу</p>

		<p>1) <u>и亞</u>; 2) жоқ</p>	<p>және 1-25 мА ағынды ток кезінде байқалады.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия</p> <p>3. Алтын нанобөлшектері бар кремний наножілтері құрылымында адсорбцияланған органикалық бояғыштар молекулаларында жарыктың алып комбинациялық шашырау эффектісіне негізделген оптикалық сенсорлық сезімталдық белсенді элементтің кеуектілігі шамамен 50 % болғанда ең үлкен мәндерге жетеді, салыстырмалы интенсивтілік сенсорлық сигналын күшету коэффициенті шамамен <math>10^5</math> құрайды, ал аналит молекулалары <math>10^{-15}</math> моль анықтау шегімен детектрленеді.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия</p>	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>и亞</u>; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген әдістеменің таңдалуы егжеттегжейлі негізделген және әдіснамалар толықтай сипатталған. Бұл жұмыста шалаоткізгішті электроникада өте кең қолданылатын кремний наножібі массивтерін түзетін метал-ынталандырылған химиялық жеміру, нанокұрылым бетіне металл нанобөлшектерін отырғызу үшін химиялық тұндыру және нанокұрылымның толық кеуектілігін анықтауда box-counting (ұяшықтарды санау), сезімтал элемент бетінде алтын нанобөлшектерін анықтауда EDX (әдістілік талдау) әдістері қолданылған.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің ондеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>и亞</u>; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста сенсорлық элементтердің кеуектілігін анықтау нәтижелері гылыми зерттеудің заманауи әдістері мен ондеу әдістерін қолдану арқылы MatLab бағдарламасында алынды. Алтын және құміс нанобөлшектерінің өлшемдері, кремний наножілтерінің ұзындығы Image J бағдарламасында анықталған. Диссертация нәтижелері скандаушы және трансмиссиялық электронды микроскопия, рамандық спектроскопия, сынаптық порометрия, NI ELVIS II+ цифрлық әмбебап станция көмегімен зерттелінетін үлгілердің вольт-амперлік</p>

			сипаттамаларын өлшеу әдісі, Ntegra Spectra, NT-MDT спектрофотометрін қолданып сенсорлардың оптикалық сипаттамаларын тіркеу секілді компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндіре және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлледенген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлледенеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жок</u>	Алынған нәтижелер ең алдымен тәжірибе (өлшеу) нәтижелеріне сәйкес келеді. Жұмыс нәтижелерінің сенімділігі құрылымдық, электрлік, оптикалық бірін-бірі толықтыруыш кешендерді қолдану арқылы қамтамасыз етіледі: трансмиссиялық және сканерлеуші электрондық микроскопия, рентгендік энергия-дисперстік спектроскопия, Раман спектроскопиясы, оптикалық шағылу спектроскопиясы, сенсорлардың вольт-амперлік сипаттамаларын өлшеу және наноқұрылымдардың кеуектілігін анықтау.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаган	Жұмыста келтірілген маңызды мәлімдемелер беделді ғылыми журналдарда жарияланған өз жұмыстарына және басқа авторлардың жұмыстарына сілтемелер арқылы расталады.	
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткілікесіз</u>	Диссертациялық жұмыс ғылыми, беделді шетелдік журналдардағы мақалалар, кітаптар мен монографиялардан тұратын 123 әдебиеттер тізімін қамтиды. Атап айтқанда, диссертация тақырыбына қатысты, зерттеу бағытын, оның практикалық маңызы мен жаңалығын көрсететін бірнеше әдебиеттер де қолданылған.	
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жок</u>	Жұмыс қатты дene электроникасындағы қолданбалы зерттеуге арналған, алайда оның нәтижелерін теориялық қолдану тұрғысынан бағалау беттік металдық плазмондардың электромагниттік өрістерін теориялық модельдеуде маңызды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жок</u>	Кремний наножілтері кеуектілігінің сенсорлық материалдардың электрлік және оптикалық жауаптарына әсерін зерттеуде алынған нәтижелерді молекулалық сенсорлардың жаңа түрлерін өндіруде және олардың жұмысының тиімділігін арттыруда қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып	Алынған нәтижелерді тәжірибеде пайдалану бойынша ұсыныстар

		табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жогары</u> ; 2) орташа; 3) оргашадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс сауатты ғылыми-техникалық тілде, түсінікті стильде жазылған. Негізгі тұжырымдар мен корытындылар толықтай аяқталған және сенімді. Нәтижелер дәлелденген, сілтемелер дұрыс енгізілген, әдебиет тізімі стандартқа сәйкес жасалған.

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Жалпы, Икрамова Салтанат Бауыржанқызының «**Наноқұрылымды шаласткізгішті сенсорлардың электрлік және оптикалық қасиеттеріне қеуектіліктің әсері**» атты диссертациялық жұмысы жогары ғылыми деңгейде орындалған, толығымен аяқталған және өзіндік ғылыми зерттеу сипаттына ие. Жұмыс мазмұны мен рәсімделуі бойынша, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жогары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ГЖБМ ЕЖБССҚК) докторлық диссертациясына қойылатын талаптарына толық сәйкес келеді және алынған нәтижелер халықаралық беделді журналдарда жарияланған. Икрамова Салтанат Бауыржанқызыны «6D071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар кафедрасы,  
PhD, қауымдастырылған профессоры

Жетписбаева А.Т.

